

Қазақ тілі пәні 4 – сынып ІІ тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін тексеруге және тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Спецификация 4-сыныпта «Қазақ тілі» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен өткізу рәсімін сипаттайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

3. 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

3.1 Ұзақтығы – 45 минут

Балл саны – 18

Тыңдалым мен айтылым бөлек тексеріледі.

3.2 Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әртүрлі: көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін тапсырмалар қолданылады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларда білім алушы ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда білім алушы сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар мәтінді түсінуге, өз ойын ауызша және жазбаша түрде толық, жүйелі, түсінікті етіп жеткізуге бағытталған.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін. Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 3 тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма тыңдалым және айтылым дағдысын, екіншісі – оқылым, үшіншітапсырма жазылым дағдысын тексеруге бағытталған

II тоқсан 4 – сынып «Қазақ тілі» пәнінен 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1- нұсқа

Мақсаты: 4.2.4.1 Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау

4.2.5.1* Дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау 4.3.2.1 Тірек сөздерді қолданып белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме) жазу

Тыңдалым және айтылым 1-тапсырма

Берілген тірек сөздерді мұқият тыңда. (Мұғалімнің оқығанын тыңдайды) Тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып, **«Домбыра – ұлттық аспап»** деген тақырыпта монолог құрап айт.

Тірек сөздер: қасиетті аспап, үні жағымды, кең таралған, күй, терме, ұрпаққа мирас, ұлттық өнерді насихаттаушы, ұлттық болмысты бейнелейтін символ, ұлттық музыка өнерінің жаршысы.

Жоспар:

1. Қазақ халқының көне аспабы
2. Домбыраның қолданысы
3. Домбыра – ұлттық символ 6 балл

Оқылым 2-тапсырма Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Патша нөкерлерімен бірге серуендеп келе жатып, жер өңдеп жүрген егіншіні кездестіреді. Тырбанып еңбектеніп жатқан қарапайым адам патшаның көңілінен шығып, онымен сөйлесуге ықыласы ауады. Бірнеше сауалдан кейін патша бұл егістіктің бұл адамдыкі емес екенін, оның үштіне 15 лира үшін жалданып еңбек ететінін түсінеді. Патша егіншінің жалақысының аздығына қайран қалады. Мұны байқаған шаруа:

- Қаннағатшыл адамға бұл ақша көп те болады. Мен ақшамды үшке бөлемін. Бір бөлігімен өмір сүрем, бір бөлігіне қарызымды өтеймін, бір бөлігін біріктіріп қор жинаймын, - дейді.

Патша бұл жұмбаққа ұқсаған сөздерден ешнәрсе түсінбейді. Сонда шаруа:

-Қарызым дегенім, ата-анама беремін. Қор жинаймын денім, бала-шағама саламын, оларды оқытамын. Қалғанын өмір сүруге жұмсаймын, - деді. Патша риза болып, шаруаның балаларына жұмсайтын қорын өтеп берген деседі. Кейін оның балалары елге еңбектерін сіңірген деседі.

1) Патша кедейге неліктен таңғалды?

- A) жұмбақтап айтқан жауабына B) жалданып еңбек ететіндігіне
C) еңбек ақысының тым аздығына D) егістік жердің өзгенікі екендігіне

2) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес болатын мәтелді анықта.

- A) Не ексең соны орасың.
B) Қанағат қарын тойғызар.
C) Еңбегі көптің өнбегі көп.
D) Ханда қырық кісінің ақылы бар.

3) Мәтінге ат қой. _____

4) 1-абзацтағы «**лира**» деген сөз қандай мағынаны білдіреді? _____

5) Егінші ақшасының бір бөлігін ата-анасына беретінін қалай жұмбақтап айтты?

6) Мәтіннің соңғы бөлімінен патшаның шаруаға жасаған жақсылығын білдіретін сөйлемді тауып, көшіріп жаз. _____

Жазылым 3-тапсырма

Оқыған мәтінге сүйеніп, диаграммаға егіншіні сипаттайтын сөздерді жаз. Сол сөздерді қолданып, егіншіге жазбаша мінездеме бер.

Егінші - _____

1балл

Сипаттама сөздеріңді пайдаланып , егіншіге мінездеме жаз

5 балл

«Қазақ тілі» пәнінен 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары 2- нұсқа

Мақсаты: 4.2.4.1 Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау

4.2.5.1* Дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау 4.3.2.1 Тірек сөздерді қолданып белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме) жазу

Тыңдалым және айтылым 1-тапсырма

Берілген тірек сөздерді мұқият тыңда. (Мұғалімнің оқығанын тыңдайды) Тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып, «Қобыз – ұлттық аспап» деген тақырыпта монолог құрап айт.

Тірек сөздер: қасиетті аспап, үні жағымды, елдің мұң, мұқтажын жырлайтын, кең таралған, күй, терме, ұрпаққа мирас, ұлттық өнерді насихаттаушы, ұлттық болмысты бейнелейтін символ, Қорқыттың жырын жырлаған, музыка өнерінің жыршысы, ерекше музыкалық аспап.

Жоспар:

1. Қазақ халқының көне аспабы
2. Қобыздың қолданысы
3. Көне тарих көзі -қобыз 6 балл

Оқылым 2-тапсырма Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Ертеде елдің сұлтаны ел аралап келе жатып, жер өңдеп жүрген егіншіні кездестіреді. Тырбанып еңбектеніп жатқан қарапайым адам патшаның көңілінен шығып, онымен сөйлесуге ықыласы ауады. Бірнеше сауалдан кейін патша бұл егістіктің бұл адамдыкі емес екенін, оның үштіне 15 динар үшін жалданып еңбек ететінін түсінеді. Сұлтан егіншінің жалақысының аздығына қайран қалады. Мұны байқаған шаруа:

- Қаннағатшыл адамға бұл ақша көп те болады. Мен ақшамды үшке бөлемін. Бір бөлігімен өмір сүрем, бір бөлігіне қарызымды өтеймін, бір бөлігін біріктіріп қор жинаймын, - дейді.

Сұлтан бұл жұмбаққа ұқсаған сөздерден ешнәрсе түсінбейді. Сонда шаруа:

-Қарызым дегенім, ата-анама беремін. Қор жинаймын денім, бала-шағама саламын, оларды оқытамын. Қалғанын өмір сүруге жұмсаймын, - деді. Сұлтан риза болып, шаруаның балаларына жұмсайтын қорын өтеп берген деседі. Кейін оның балалары елге еңбектерін сіңірген деседі.

1) Сұлтан кедейге неліктен таңғалды?

- | | |
|--------------------------------|---------------------------------------|
| A) жұмбақтап айтқан жауабына | B) жалданып еңбек ететіндігіне |
| C) еңбек ақысының тым аздығына | D) егістік жердің өзгенікі екендігіне |

2) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес болатын мәтелді анықта.

- | | |
|------------------------------|-----------------------------------|
| A) Не ексең соны орасың. | B) Қанағат қарын тойғызар. |
| C) Еңбегі көптің өнбегі көп. | D) Ханда қырық кісінің ақылы бар. |

3) Мәтінге ат қой. _____

4) 1-абзацтағы «динар» деген сөз қандай мағынаны білдіреді? _____

5) Егінші ақшасының бір бөлігін ата- анасына беретінін қалай жұмбақтап айтты?

6) Мәтіннің соңғы бөлімінен патшаның шаруаға жасаған жақсылығын білдіретін сөйлемді тауып, көшіріп жаз. _____

6 балл

Жазылым 3-тапсырма

Оқыған мәтінге сүйеніп, диаграммаға егіншіні сипаттайтын сөздерді жаз. Сол сөздерді қолданып, егіншіге жазбаша мінездеме бер.

Егінші - _____ 1 балл

Сипаттама сөздерінді пайдаланып , егіншіге мінездеме жаз

5 балл

<i>Бағалау критерий</i>	<i>Жауаптары</i>	<i>Дискриптор</i>	<i>Балл</i>
Тыңдалым және айтылым	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Домбыра — қазақ халқының ең кең тараған, екі ішекті, көп пернелі көне музыкалық аспабы. Домбыраның үні құлаққа өте жағымды. Домбырада әртүрлі музыкалық шығармалар орындалады. Ән, күй, терме, жыр, толғау, тіпті классикалық шығармаларды да орындауға болады. Құрманғазы, Тәттімбет, Дина секілді ағаларымыз бен апаларымыз шындықты, әділдікті осы күйлері арқылы жеткізген. Домбыра – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра.	Мәтіннің логикалық құрылымын сақтайды.	1
		Тапсырма мазмұнына сәйкес баламалы мәтін қабылданады.	1
		Тірек сөздерді мағынасына сәйкес қолданады	1
		Ойын жүйелі, еркін жеткізеді	1
		Тілдік және грамматикалық нормаларды сақтайды	1
		Сөйлеу барысында дауыс интонациясын сақтайды	1
Оқылым	С) еңбек ақысының тым аздығына В) Қанағат қарын тойғызар Патша мен егінші . Ақылды патша. Т.6 Ақша Бір бөлігін қарызымды өтеймін... Шаруаның балаларына беретін ақшасын өтеп берді	Баламалы жауап қабылданады	1
			1
			1
			1
			1
Жазылым	<i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Еңбекқор, ақкөңіл, үнемшіл, мейірімді, қарапайым, қанағатшыл <i>Білім алушының ықтимал жауабы:</i> Егінші - өте қарапайым, мейірімді, болашақ өмірін ойлайтын, қартайғанда зейнет көргісі келетін адам. Азға қанағатшыл, ашық, көпшіл, ақкөңіл, сыпайы, әдепті кейіпкер. Ол өзгеге жалданып еңбек етеді. Өзінің адалдығы мен еңбекқорлығының арқасында патшадан үлкен сый алды. Егінші еңбекқорлығымен ғана емес, өзінің ақылдылығымен де ерекшеленеді. Егіншінің бейнесі үнемшілдікке, қанағатшыл болуға үйретеді	Баламалы жауап қабылданады	1
		Мінездеменің мазмұны кейіпкер бейнесіне сәйкес келеді.	1
		Ойын жүйелі, еркін жеткізеді	1
		Тілдік және грамматикалық нормаларды сақтайды	1
		Сөйлеу барысында дауыс интонациясын сақтайды	1
		Көркем тіл құралдарын орынды қолданады	1
<i>Барлығы</i>			18

<i>Бағалау критерий</i>	<i>Жауаптары</i>	<i>Дискриптор</i>	<i>Балл</i>	
Тыңдалым және айтылым	Білім алушының ықтимал жауабы: Қобыз — қазақ халқының ең кең тараған, екі ішекті, көп пернелі көне музыкалық аспабы. Қобыздың үні құлаққа өте жағымды, олхалықтың мұң-мұқтажын жырлаған жырау аспап. Домбырада әртүрлі музыкалық шығармалар орындалады. Ән, күй, тіпті классикалық шығармаларды да орындауға болады. Қорқыт бабамыз өмірдің құндылығын, шындықты, әділдікті осы қобыз арқылы жеткізген. қобыз – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра.	Мәтіннің логикалық құрылымын сақтайды.	1	
		Тапсырма мазмұнына сәйкес баламалы мәтін қабылданады.	1	
		Тірек сөздерді мағынасына сәйкес қолданады	1	
		Ойын жүйелі, еркін жеткізеді	1	
		Тілдік және грамматикалық нормаларды сақтайды	1	
		Сөйлеу барысында дауыс интонациясын сақтайды	1	
Оқылым	С) еңбек ақысының тым аздығына В) Қанағат қарын тойғызар Патша мен егінші . Ақылды патша. Т.б Ақша Бір бөлігін қарызымды өтеймін... Шаруаның балаларына беретін ақшасын өтеп берді	Баламалы жауап қабылданады	1	
			1	
			1	
			1	
			1	
			1	
Жазылым	Білім алушының ықтимал жауабы: Еңбекқор, ақкөңіл, үнемшіл, мейірімді, қарапайым, қанағатшыл Білім алушының ықтимал жауабы: Егінші - өте қарапайым, мейірімді, болашақ өмірін ойлайтын, қартайғанда зейнет көргісі келетін адам. Азға қанағатшыл, ашық, көпшіл, ақкөңіл, сыпайы, әдепті кейіпкер. Ол өзгеге жалданып еңбек етеді. Өзінің адалдығы мен еңбекқорлығының арқасында патшадан үлкен сый алды. Егінші еңбекқорлығымен ғана емес, өзінің ақылдылығымен де ерекшеленеді. Егіншінің бейнесі үнемшілдікке, қанағатшыл болуға үйретеді	Баламалы жауап қабылданады	1	
			Мінездеменің мазмұны кейіпкер бейнесіне сәйкес келеді.	1
			Ойын жүйелі, еркін жеткізеді	1
			Тілдік және грамматикалық нормаларды сақтайды	1
			Сөйлеу барысында дауыс интонациясын сақтайды	1
			Көркем тіл құралдарын орынды қолданады	1
<i>Барлығы</i>			18	

II тоқсан 4 – сынып Қазақ тілі пәнінен Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Мәдени мұра Мамандықтар әлемі	Тыңдалым және айтылым	4.1.4.1 Тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау 4.1.6.1 Интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру	Білім алушы берілген тақырып бойынша монолог құрастыруға бағытталған ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	6
2		Оқылым	4.2.4.1 Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау 4.2.5.1* Дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау	Білім алушы мәтіннің мазмұнын түсінуге, негізгі ойын анықтауға, мәтіннен қажетті ақпараттарды табуға бағытталған жабық түрдегі көп таңдауы бар және ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	6
3		Жазылым	4.3.2.1 Тірек сөздерді қолданып белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме) жазу	Білім алушы берілген стильде мәтін жазуға бағытталған ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	6
Барлығы					3	18